

“Жақсыбайкөл негізгі мектебі” КММ

2024-2025 оқу жылында 9 сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

Сынып жетекшісі: Жолдасаова М

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылында 9 сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2024-2025 оқу жылын 9-класта 8 оқушы бастады. Оның 5-еуі қыз бала, 3-еуі ұл бала. Оқу жылының басында класс белсенділері сайланып, міндеттері бекітіліп берілді. Оқушылардың құжаттары толтырылған. Денсаулықтары жақсы.

Кластың білім сапасы – 38 %. Класта себепсіз сабақ жіберген, тәртіп бұзған, сабақтан кешіккен оқушылар жоқ.

Оқушылардың жеке бас тазалығы жақсы, жекелеген оқушыларға ескертулер берілді. Кейбір оқушылар денсаулығына байланысты дәрігерден анықтамаларын тапсырды. Оқушылар мектепшілік барлық шараларға белсене араласты. Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу» мақсатын басшылыққа ала отырып және ҚР«Білім туралы » Заңы, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы, «Бала құқығы туралы» Конвенция, ҚР «Тіл туралы» Заңы, ҚР«Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы, т.б. нормативті – құқықтық құжаттардың негізінде 2024-2025оқу жылына арналған жылдық жоспар жасалынып бекітілді.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы болып бекітілді.

Әр айдың іс-шаралары : күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылды.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізілді.
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесті.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірленді.
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдаланылып, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 1 қыркүйек білім күні «Менің – отаным Қазақстан», «Мен және менің отбасым», «Еңбек түбі береке» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), «Буллингтен қорған»



1 қазан - Қарттар күні «Қоғамға қызмет ету» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 5 қазан – Мұғалімдер күні «Даналық ұстаздан», «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», 25 қазан –Республика күніне орай «Тарихты сырлы,ертеңі нұрлы ғажап ел!», «Бірлігі

жарасқан –Қазақстан» атты тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар Құқық бұзушылықтың, зорлық зомбылықтың алдын алу, буллингтің алдын алу

мақсатында оқушыларға видеороликтер көрсетіп түсінік жұмыстары жүргізілді.



Мектепшілік «Ұстазым ұлағатым үлгі-өнегем» атты іс-шараға оқушылар белсенділік танытып марапатталды. Осы іс-шара шеңберінде «Мұғалім беделі неде?» тақырыбында ұшқыр ой дебат клубында сынып оқушыларынан «ЖасStar» фракциясы қатынасып «Шабыт» фракция мүшелерімен жолдастық кездесу өткізді.



Қараша айында «Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс», «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тәрбие сағаттары өткізілді. Мектепшілік Мектеп парламенттерінің арасында «Үздік көшбасшысы-2024» байқауы өткізіліп, Досжанов Бекнұр көшбасшы атанды, «Мамандықтар әлемі» тақырыбында жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында оқушыларға бағыт бағдар жүргізілді.



Сынып сағаттары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу» мақсатын басшылыққа ала отырып және ҚР «Білім туралы»

Заңы, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы, «Бала құқығы туралы» Конвенция, ҚР «Тіл туралы» Заңы, ҚР

«Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы, т.б. нормативті – құқықтық құжаттардың негізінде өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 6 қарашада «Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 13 қарашада «Адал азамат-Адал еңбек -Адал табыс» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 11 қарашада «Ұлттық валюта теңге» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 27 қарашада «Менің отбасым – менің байлығым» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы), 4 желтоқсанда «Табиғатқа қамқор жасаймыз» ашық сынып сағаты, 13 желтоқсанда «Тәуелсіздікке 32 жыл», 25 желтоқсанда «Мен – еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) сынып сағаттары өткізілді. Ата-аналарды қолдау бағдарламасы бойынша берілген «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу» тақырыбы негізінде «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» баяндамасы оқылып, «Бала жүрегіне жол табу» атты тренинг өткізілді. Желтоқсан айында «Ұлттық құндылықтар», «Ойынға салауатты көзқарас», «Таңғажайып жаңа жыл» атты тақырыбында сынып сағаты өтті. Мектепшілік «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясында «Мейірімді қоғам» атты 9 сынып арасында эссе байқауы өлкізілді.




Қаңтар айының басында «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында, «Дін-тәрбие діңгегі»,» «Арам мен адал, обал мен сауап-ұлтымыздың ұстанымы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



Ақпан айында 10 ақпан күні «Буллингтен қорған», 14 ақпан күні «Өрт қауіпсіздігі», «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.



Наурыз айында 1-наурыз Алғыс айту күніне «Алғыс айту-парызым», 8-наурыз Аналар мерекесіне орай «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында зейнеткер ұстаздармен кездесі ұйымдастырылды, «Наурыз-жыл басы» тақырыптарында тәрбие сағаттары жоспарға сәйкес өткізіліп, отырды.



Сонымен қатар, 17 наурыз «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.



Сәуір айында «Көңілді старт», «Өмірге салауатты қадам», «Атадан-өсиет,анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып сағыттары өткізілді.



Мамыр айында 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бірлік сабағы»,«Қауіпсіз қоғам»,«Аяулы ана» атты аналар күніне орай тәрбие сағаттар өткізілді.

